

Білімнің шырағы, сұлулықтың шынары

Биыл қазақ руханияты мен мәдениеті тарихында өшпестей із қалдырған, алғашқы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың негізін қалаған тұңғыш педагог Нәзипа Сағызбайқызы Құлжанованың туғанына 135 жыл. Осы айтулы датаға орай, қаламыздағы №2 ОӘФК оқу залы бөлімі заманынан озық туған, алаштың қайраткер азаматтарының бірі Нәзипа Сағызбайқызы Құлжанованың өнегелі істерін үлгі етіп, тәрбиелік қуаты мол өнегені бүгінгі ұрпаққа жеткізу мақсатында «Білімнің шырағы, сұлулықтың шынары» атты портрет кешін өткізді.

Нәзипа Құлжанова заманынан озық туып, өмірін ұлтына арнаған қазақтың біртуар қайраткер азаматшаларының бірі. Ол 1887-ші жылы Алаш ардақтыларын дүниеге әкелген киелі Торғай өңірінде туған. Дәлірек айтсақ, қазіргі Қостанай облысы, Жангелдин ауданында. Халқына, ұлтына деген риясыз

еңбегі ретінде Нәзипа өзінің ағартушылық - педагогикалық жұмыстарына ден қойып, қараңғылық тұсауындағы қандастарын өнер-білімге, мәдениет жолына салу мақсатында мол мұра қалдырған тұңғыш қазақ қызы.

Кешке қаламыздағы Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінің студенттері мен ұстаздары қатысты. Ең алдымен Нәзипа Құлжанованың өмір жолына шолу жасалып, маңызы бар кейбір деректер бейнежазбалар арқылы көрсетілді. Нәзипа киелі Торғай жерінде дүниеге келіп, білім алса, қазақтың талай зиялыларын қанаттандырып ұшырған білім ұясы Семейде қазақ жастарының білім алуына септігін тигізді. Кеш барысында Семей қаласындағы Абай музейімен байланысқа шығып, Н.Құлжановаға арналған бұрышты экран арқылы тамашалау жастарға жақсы әсер қалдырды. Аталған іс-шараның берер өнегесі мол. Сондықтан Нәзипа Құлжанова жаққан білімнің шырағын сөндірмей, ол жеткен сұлулықтың шынарынан түспесек, Құлжанованың өміріндегі атқарған ісі, өлшеусіз өнегесі, өшпес өсиеттерімен мәңгі жасай бермек.

Сәуле АХМЕТҚЫЗЫ,
оқу залының меңгерушісі